
LG
Life's Good

LED TV
UG87**

www.lg.com



P/No : MFL68762813 (1505-REV01)
Printed in Korea

English Read **Safety and Reference**.

Русский Прочтите **Руководство о технике безопасности.**


Қазақша **Қауіпсіздік пен анықтама** бөлімін оқыңыз.

Română Citiţi **Siguranţă şi referinţe**.


Українська Прочитайте **Правила безпеки та довідкова інформація.**

O'zbekcha **Xavfsizlik bo'yicha ko'rsatmalar va havolalar** o'qib chiqing.


Монгол **Аюулгүй ажиллагааны зааварчилгаа** унш.




1




2



A
B


A
▼ PCMCIA CARD SLOT ▼
SERVICE ONLY
USB IN
1 (USB 3.0)
2
3
HDMI (4K@60Hz)/DVI IN
1
2 (ARC)
3


B



LAN
IN
AV
(Audio in)
COMPONENT
OUT
OPTICAL
DIGITAL
AUDIO
IN
13/18V 700mA Max LNB IN
Satellite
ANTENNA / CABLE
OUT
AUDIO OUT
/ H/P
VIDEO
L (MONO)
AUDIO-R
L
R
AUDIO
PR
PB
Y
VIDEO

3





4





5





	55UG870V-ZA 55UG8709-ZA	65UG870V-ZA 65UG8709-ZA
A x B x C (mm)	1241 x 773 x 236	1461 x 897 x 255
A x E x F (F1)(mm)	1241 x 723 x 60(98)	1461 x 846 x 60(99.9)
D (kg)	24.2	33.7
D - G (kg)	21.7	30.4
Power requirement	AC 100-240 V ~ 50 / 60 Hz	
Power consumption	170 W	220 W

MFL68762813

Данные по энергоэффективности для моделей телевизоров LG

* Указанные модели телевизоров не имеют «выключенного режима» Для полного отключения телевизора - отсоедините его от сети питания.

Модель	Удельная мощность рабочего режима: Вт/см^2	Потребляемая мощность изделием в режиме ожидания: Вт	Потребляемая мощность изделием в выключенном режиме
55UG870V-ZA	0.021	0.3	отсутствует
65UG870V-ZA	0.020	0.3	отсутствует

Life's Good

ИЕЛЕНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Қауіпсіздік пен анықтама

LED TV*

* LG ЖШД теледидар ЖШД артқы жарығы бар СКД экранына қолданылады.

Құрылғыны қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып, анықтамалық құрал ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

EAC

www.lg.com

Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулар

Өнімді қолданар алдында осы сақтық шараларын мұқият оқып шығыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ




Теледидарды және қашықтан басқару құралын келесі орталарға қоймаңыз:

- Тікелей күн сәулесі түсетін жер
- Ылғалдылық жоғары аймақ, мысалы, ванна
- Пештер және жылуды тудыратын басқа құрылғылар сияқты кез келген жылу көзінің жанында
- Бу немесе май оңай әсер етуі мүмкін асхана есептегіштерінің немесе дымқылдаушыларының жанында
- Жаңбыр немесе жел әсер ететін аймаққа
- Вазалар сияқты су ыдыстарының жанында

Әйтпесе, бұл өртке, электр тогының соғуына, дұрыс емес жұмыс істеуге немесе өнімнің деформациялануына әкелуі мүмкін.



Өнімді шаң жиналатын жерге қоймаңыз.
Бұл өрт шығу қаупін төндіруі мүмкін.



Штепсель – ажырату құрылғысы. Штепсель пайдалануға дайын күйде қалуы керек.



Қуат штепселін сулы қолмен ұстамаңыз. Оған қоса, сымның істікшесі сулы болса немесе шаң басып тұрса, қуат штепселін толық құрғатыңыз немесе шаңды сүртіп тастаңыз.
Шамадан тыс ылғалдылыққа байланысты сізді ток соғуы мүмкін.




Қуат сымын жерге қосылған ток көзіне жалғаңыз. (Жерге қосылған құрылғылардан басқа.) Сізді электр тогы соғуы немесе жарақаттануыңыз мүмкін.



Қуат сымын толық бекітіңіз. Егер қуат сымы толық бекітілмесе, өрт шығуы мүмкін.



Қуат сымының жылытқыш секілді ыстық заттарға тимеуін қадағалаңыз. Бұл өрт туындауына немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.




Қуат сымдарының үстіне ауыр затты немесе өнімнің өзін қоймаңыз. Әйтпесе, өрт шығуы немесе электр тогы соғуы мүмкін.




Жаңбырдың ішке ағып кіруін болдырмау үшін ғимараттың ішінде және сыртында антенналарды бүгіңіз. Бұл судың өнім ішін зақымдауына және электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.



Теледидарды қабырғаға бекіткенде, теледидардың артындағы қуат және сигнал кабельдерін ілу арқылы теледидарды орнатпаңыз. Бұл өрт туындауына, электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.



Бір электр розеткасына тым көп электр құрылғыларын қоспаңыз. Әйтпесе, шамадан тыс қызуға байланысты өрт шығуы мүмкін.



Сыртқы құрылғыларды қосып жатқанда өнімді түсіріп алмаңыз немесе оның құлап кетуіне жол бермеңіз. Әйтпесе, бұл жарақат алуға немесе өнімнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.



Ылғалға қарсы материалдар бумасын немесе винил орауышты балалар қол жеткізе алмайтын жерде ұстаңыз. Ылғалдыққа қарсы материалды жұту зиянды. Абайсызда жұтып қойған жағдайда, науқасты құстырып, жақын ауруханаға апарыңыз. Оған қоса, винил орауыш тұншығуға себеп болуы мүмкін. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.



Балалардың телевизорға жорғаламауын және асылып тұрмауын қадағалаңыз.
Әйтпесе, теледидар аударылып, жарақаттауы мүмкін.



Бала жұтып қоймауы үшін пайдаланылған батареяларды тиісті түрде тастаңыз.
Бала жұтып қойған жағдайда дереу дәрігерге барыңыз.



Қуат кабелінің бір ұшы қабырға розеткасына сұғылып тұрғанда, екінші ұшына өткізгіш (металл таяқша сияқты) енгізбеңіз. Оған қоса, қуат кабелін қабырға розеткасына жалғай салысымен ұстамаңыз. Сізді электр тогы соғуы мүмкін. (Үлгіге байланысты)



Өнімнің жанына өртенгіш заттар қоймаңыз немесе сақтамаңыз. Өртенгіш заттарды ұқыпсыз пайдаланудан жарылыс немесе өрт шығу қаупі пайда болады.



Өнімнің ішіне тиын, шаш түйрегіштері секілді темір заттарды, таяқшалар немесе сымды, қағаз, шырпы секілді тез өртенгіш заттарды салмаңыз. Балалар ерекше назар аударуы керек. Электр тогы соғуы, өрт шығуы немесе жарақат алынуы мүмкін. Егер өнімнің ішіне бөгде зат түсіп кетсе, оны өшіріп, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Өнімге су септеңіз немесе өртенгіш заттармен сүртпеңіз (еріткіш немесе бензол). Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.



Өнімнің соғылуына немесе бір нәрселердің үстіне құлап кетуін болдырмаңыз немесе экранын ұрмаңыз. Жарақаттануыңыз немесе өнім зақымдалуы мүмкін.



Өнімді немесе оның антеннасын ешқашан найзағай немесе дауыл кезінде ұстамаңыз.
Сізді электр тогы соғуы мүмкін.



Қабырға розеткасын, онда газ жылыстауы орын алса ұстамаңыз. Терезені ашып, бөлмені желдетіп алыңыз. Бұл өрт шығуына немесе ұшқын пайда болуына әкелуі мүмкін.



Өнімді өз бетіңізше бөлшектеуші, жөндеуші немесе өзгертуші болмаңыз. Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін. Тексерту, калибрлеу немесе жөндету үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Келесі жағдайлардың кез келгені орын алса, өнімді дереу ажыратып, жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Өнімге соққы әсер етті
- Өнім зақымдалды
- Өнімге бөгде заттар кірді
- Өнімнен түтін немесе оғаш иіс шықты

Бұл өрт шығуына немесе электр тогы соғуына әкелуі мүмкін.



Егер өнімді ұзақ уақыт қолданбайтын болсаңыз, қуат кабелін өнімнен ажыратып тастаңыз. Шаңның жиналуы өрт шығуына немесе изоляцияның бұзылуы токтың жылыстауына, электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.




Аппаратқа су тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс немесе оның үстіне ваза секілді су құйылған заттарды қоюға болмайды.

Май немесе майлы ауа әсер етуі мүмкін болса, бұл өнімді қабырғаға орнатпаңыз.
Бұл өнімді зақымдауы және ол құлап түсуі мүмкін.



Егер су немесе басқа нәрсе өнімнің (айнымалы ток адаптері, қуат сымы, теледидар сияқты) ішіне кірсе, қуат сымын ажыратып, бірден қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Әйтпесе, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.



Тек LG Electronics компаниясы мақұлдаған айнымалы ток адаптерін және қуат сымын пайдаланыңыз. Әйтпесе, өрт шығуы, тогы соғуы, дұрыс жұмыс істемеуі немесе өнім пішінінің бүлінуі мүмкін.




Ешқашан айнымалы ток адаптерін немесе қуат сымын бөлшектемеңіз. Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ




Өнімді радио толқындар пайда болмайтын жерге орнатыңыз.



Құлап түссе де антеннаның қуат желілеріне тимеуін қамтамасыз ету үшін сыртқы антенна мен қуат желілерінің арасында жеткілікті қашықтық болуы керек. Бұл ток соғу қаупіне себеп болуы мүмкін.



Өнімді тұрақсы сөрелер немесе көлбеу беттер сияқты орындарда орнатпаңыз. Сондай-ақ, діріл бар немесе өнім толығымен тұрмайтын орындарды пайдаланбаңыз. Әйтпесе, өнім құлап немесе аударылып, жарақаттауы немесе өнімді зақымдауы мүмкін.




Теледидарды тірекке орнатсаңыз, өнімнің аударылуын болдырмау әрекеттерін орындау керек. Әйтпесе, өнім аударылып, жарақаттауы мүмкін.

Мониторды қабырғаға орнату керек болса, VESA стандартты орнату интерфейсін (қосымша бөлшектер) өнімнің артқы жағына бекітіңіз. Қабырғаға орнату интерфейсін (қосымша бөлшектер) пайдаланып, теледидарды орнатқанда, түсіп кетпейтіндей мұқият бекітіңіз.


Тек өндіруші көрсеткен қосымша жабдықтарды қолданыңыз.




Антеннаны орнатқанда білікті қызмет көрсету маманнан кеңес алыңыз. Бұл өрт шығу қаупін немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.



Теледидарды көргенде экран диагоналінің ұзындығынан 2-7 еселік қашықтықты сақтау ұсынылады. Теледидарды ұзақ уақыт көргеннен кейін көзіңіз бұлдырауы мүмкін.



Тек көрсетілген батарея түрін пайдаланыңыз.
Бұл қашықтан басқару құралын зақымдауы мүмкін.



Жаңа батареяларды ескі батареялармен араластырмаңыз. Бұл батареялардың шамадан тыс қызуын және ағып кетуін тудыруы мүмкін.

Батареялар шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс, мысалы, тікелей күн сәулесі түспейтін, ашық от пен электр жылытқыштардан алыс жерде сақтаңыз.


Зарядталмайтын батареяларды зарядтағышқа салушы БОЛМАҢЫЗ.



Қашықтан басқару құралы мен сенсордың арасында еш нәрсе тұрмауын тексеріңіз.



Қашықтан басқару құралының сигналына күн сәулесі немесе басқа күшті жарық кедергі тигізуі мүмкін. Бұл жағдайда бөлмені күңгірттеңіз.



Бейне ойын консольдері сияқты сыртқы құрылғыларды жалғау алдында жалғау кабельдерінің ұзындығы жеткілікті екенін тексеріңіз. Әйтпесе, өнім құлап немесе аударылып, жарақаттауы немесе өнімді зақымдауы мүмкін.




Өнімді қуат сымын қабырға розеткасына қосу немесе шығару арқылы қосып/өшірмеңіз. (Штепсельдік ұшты қосқыш ретінде пайдаланбаңыз.) Бұл механикалық ақаулық немесе сымнан электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.



Өнімнің шамадан тыс қызуын болдырмау үшін төмендегі орнату туралы нұсқауларды орындаңыз.

- Өнім мен қабырғаның арасындағы қашықтық 10 см көбірек болуы керек.
- Өнімді желдетілмейтін жерге (мысалы, кітап сөресіне немесе шкафқа) қоймаңыз.
- Өнімді кілем немесе жастық үстіне орнатпаңыз.
- Ауа тесігін төсемнің немесе перденің жауып тұрмағанын тексеріңіз.

Әйтпесе, бұл өртке әкелуі мүмкін.




Теледидарды ұзақ уақыт қарап отырған кезде желдеткіш тесіктеріне қолыңызды тигізбеңіз, себебі олар ыстық болуы мүмкін. Бұл өнімнің жұмыс жағдайына әсер етпейді.

Құрылғының сымын жиі тексеріп тұрыңыз. Егер ол зақымдалғанын немесе бұзылғанын көрсеңіз, сымды ажыратып, құрылғыны бұдан әрі пайдаланбаңыз және сымды өкілетті қызмет көрсету маманынан дәл сондай сымға ауыстырып алыңыз.



Штепсельдік ұшта немесе розеткада шаң жиналуын болдырмаңыз. Бұл өрт шығу қаупін төндіруі мүмкін.



Қуат сымын орау, бұрмалау, қысу, есікпен жабу немесе үстінен басу секілді физикалық немесе механикалық зақым тиюден қорғаңыз. Штепсельдерге, розеткаларға және құрылғыдан сым шығатын жерге ерекше көңіл бөліңіз.



Панелін қолыңызбен немесе тырнақ, қарындаш немесе қалам секілді өткір затпен қатты баспаңыз немесе үстін сырмаңыз.



Экранды ұзақ уақыт ұстамаңыз немесе саусақты (саусақтарды) тигізбеңіз. Олай істегенде, экранда уақытша бұрмалану орын алуы мүмкін.



Өнімді тазалаған кезде, қуат сымын розеткадан ажыратып, сырып алмау үшін жұмсақ шүберекпен ақырын сүртіңіз. Шамадан тыс қысым сызаттарды немесе түстің кетуін тудыруы мүмкін. Су бүркімеңіз немесе ылғалды шүберекпен сүртпеңіз. Өнімді және оның панелін зақымдауы мүмкін әйнек тазалағышын, көлікті немесе жылтыратқыш заттарды, абразивті заттарды немесе балауызды, бензинді, алкогольді, т.б. ешқашан пайдаланбаңыз. Әйтпесе, бұл өртке, электр тогының соғуына немесе өнімнің зақымдалуына (деформация, тот басу немесе бұзылу) әкелуі мүмкін.

Бұл өнім айнымалы ток розеткасына қосылатын болғандықтан, ол айнымалы ток көзінен ҚОСҚЫШ арқылы сөндірсеңіз де, ажыратылмайды.



Кабельді ажыратқанда, штепсельден ұстап ажыратыңыз. Қуат кабельдерінің ішіндегі сымдар ажыратылса, бұл өрт тудыруы мүмкін.



Өнімді жылжытқанда, алдымен қуатты өшіріңіз. Содан кейін, қуат кабельдерін, антенна кабельдерін және барлық жалғау кабельдерін ажыратыңыз.
Теледидар немесе қуат сымы зақымдалып, бұл өрт немесе электр тогының соғу қаупін тудыруы мүмкін.



Өнімді жылжытқанда немесе орауыштан шығарғанда, жұп болып жұмыс істеңіз, өйткені өнім ауыр. Әйтпесе, бұл жарақат алуға әкелуі мүмкін.



Өнімнің ішкі бөлімдерін тазалау үшін жылына бір рет қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Шаң жиналып қалса, механикалық ақаулықтар пайда болуы мүмкін.



Бүкіл қызмет көрсетуді білікті қызмет көрсету қызметкерлеріне жіберіңіз. Өнім қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, жабдыққа жаңбыр немесе ылғалды заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.



Ұстағанда, өнім салқын көрінсе, қосылғанда өнім «жыпылықтауы» мүмкін. Бұл қалыпты жағдай, өнімдегі ақау емес.



Бұл панель – ажыратымдылығы екі миллионға алты миллион пиксел болатын жоғары технология өнімі. Панельде өлшемі 1 б/м майда қара нүктелерді және/немесе жарық түсті нүктелерді (қызыл, көк немесе жасыл) көруіңіз мүмкін. Бұндай дыбыстың шығуы өнімнің жұмыс сапасы мен сенімділігіне әсер етпейді.
Сондай-ақ, бұл құбылыс үшінші тарап өнімдерінде орын алады және алмастыруға немесе ақшаны қайтаруға жатпайды.



Көру күйіне (сол/оң/үсті/асты) байланысты панельдің әр түрлі жарықтығын және түсін табуға болады.
Сондай-ақ, бұл құбылыс панельдің сипаттамасына байланысты орын алады. Ол өнімнің жұмысына қатысты емес, әрі ақаулық болып табылмайды.



Қозғалыссыз кескінді (мысалы, тарату арнасының логотипі, экрандағы мәзір, бейне ойынынан алынған көрініс) ұзақ уақыт бойы көру экранды зақымдап, кескіннің сақталуына әкелуі мүмкін. Бұл қалдық кескін ретінде белгілі. Бұл кепілдік өнімдегі қалдық кескінді қамтымайды. Теледидар экранында ұзақ уақыт бойы бекітілген кескінді көрсетпеңіз (СКД үшін 2 сағат немесе одан көп, плазма дисплейі үшін 1 сағат немесе одан көп).
Сондай-ақ, егер теледидардың кадр пішімі ұзақ уақыт бойы 4:3 болса, экранның жоғарғы және төменгі жағында кескін ізі пайда болуы мүмкін.
Сондай-ақ, бұл құбылыс үшінші тарап өнімдерінде орын алады және алмастыруға немесе ақшаны қайтаруға жатпайды.

Шығарылған дыбыс

Тырс еткен дыбыс: теледидарды көріп отырғанда немесе өшіргенде шығатын дыбыс, температура мен ылғалдылыққа байланысты пластикалық жылу сығылуы нәтижесінде пайда болады. Бұл дыбыс — температура деформациясы талап етілетін барлық өнімдер үшін ортақ құбылыс. Электр тізбегінің гүілдеген/панельдің дызылдаған дыбыс шығаруы: өнімді істету үшін токтың үлкен мөлшерін жеткізгенде, жылдамдығы жоғары коммутация схемасынан шығады. Өнімге байланысты әртүрлі болады.
Бұндай дыбыстың шығуы өнімнің жұмыс сапасы мен сенімділігіне әсер етпейді.

Теледидар жанында жоғары кернеулі электрік құрылғыларды пайдаланбаңыз (мысалы, электр маса өлтіргішті). Бұл өнім жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін.

3D кескіндерді көру (тек 3D модельдер)

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Көру ортасы

- Көру уақыты
  - 3D мазмұнды көргенде, сағат сайын 5 - 15 минуттық үзілістер жасаңыз. 3D мазмұнды ұзақ уақыт бойы көру бастың ауыруын, бас айналуын, қалжырауды немесе көзге жүктеме түсуін тудыруы мүмкін.

Фотосезгіштік ұстамасы немесе созылмалы ауруы бар адамдар

- 3D мазмұндағы жыпықтайтын жарықты көргенде, кейбір пайдаланушыларда ұстама немесе әдеттен тыс белгілер болуы мүмкін.
- Құсқыңыз келсе, жүкті болсаңыз және/немесе эпилепсия, жүрек ауруы немесе қан тамыр ауруы, т.б. сияқты созылмалы ауруыңыз болса, 3D бейнелерді көрмеңіз.
- 3D мазмұндар стерео соқырлыққа немесе стерео аномалиясына шалдыққан адамдарға ұсынылмайды. Қос кескіндерді көру немесе көруде ыңғайсыздық пайда болуы мүмкін.
- Егер сізде страбизм (қылилық), амблиопия (нашар көру) немесе астигматизм босла, терең дікті сезуде мәселеңіз болуы мүмкін және қос кескіндерге байланысты қалжырауды сезуіңіз мүмкін. Орташа үлкендермен салыстырғанда жиірек үзілістер жасау ұсынылады.
- Егер көру қабілетіңіз оң және сол көзіңізде әр түрлі болса, 3D мазмұнды көру алдында көру қабілетіңізді тексертіңіз.

3D мазмұнды көруді тоқтатуды немесе одан ұстануды қажет ететін белгілер

- 3D мазмұнды ұйықтамаудан, тым көп жұмыс істегеннен немесе ішкеннен қалжырауды сезінгенде көрмеңіз.
- Осы белгілерді сезгенде, 3D мазмұнды пайдалануды/көруді тоқтатыңыз және белгі кеткенше жеткілікті демалыңыз.
  - Бұл белгілер кетпесе, дәрігерге қаралыңыз. Белгілер бас ауыруын, көздің алмасының ауыруын, бас айналуды, жүрек айнуын, тез жүрек соғуын, бұлдырауды, ыңғайсыздықты, қос кескінді, көру ыңғайсыздығын немесе қалжырауды қамтиды.

⚠ ЕСКЕРТУ

Көру ортасы

- Көру қашықтығы
  - 3D пішіміндегі бейнелерді экран диагоналінің ұзындығынан екі еселік қашықтықта көруді ұсынамыз. 3D мазмұнды көргенде ыңғайсыздықты сезінсеңіз, теледидардан алыстау отырыңыз.

Көру жасы

- Сәбилер/балалар
  - 6 жастан төмен балалар үшін 3D мазмұнды пайдалану/көруге тыйым салынады.
  - 10-нан төмен жастағы балалар шамадан тыс жауап береді және тым әсерленеді, өйткені олардың көздері жетілуде (мысалы: экранды түрту әрекеті немесе оған секіру әрекеті). 3D мазмұнды көріп отырған балаларға ерекше назар аудару керек.
  - Балалардың 3D көрсетілімдердегі бинокулярлық диспараттығы үлкендерден жоғарырақ, өйткені көздерінің арасындағы қашықтық үлкендердікінен қысқарақ. Сондықтан олар бір 3D кескіні үшін үлкендермен салыстырғанда көбірек стереоскопиялық тереңдікті алады.
- Жасөспірімдер
  - 19-дан төмен жасөспірімдер 3D мазмұндағы жарықтың әсерінен сезімталдықпен жауап беруі мүмкін. Оларға шаршап тұрғанда 3D мазмұнды көруден ұстануға кеңес беріңіз.
- Қариялар
  - Қариялар жастарға қарағанда азырақ 3D әсерін түйсінеді. Теледидарға ұсынылғаннан жақынырақ қашықтықта отырмаңыз.


3D көзілдірігін қолдану кезіндегі ескертулер

- LG 3D көзілдірігін пайдаланыңыз. Әйтпесе, 3D бейнелерді тиісті түрде көрмеуіңіз мүмкін.
- 3D көзілдірігін қалыпты көзілдіріктің, күннен қорғайтын немесе қорғаныс көзілдірігінің орнына пайдаланбаңыз.
- Өзгертулер енгізген 3D көзілдірікті пайдалану көзге жүктеме түсіруі немесе кескінді бұрмалауы мүмкін.
- 3D көзілдірігін қатты ыстық немесе суық температурада ұстамаңыз. Бұл деформациялануды тудырады.
- 3D көзілдірігі нәзік және оңай сызылады. Линзаларды сүрткенде әрқашан жұмсақ, таза шүберекті пайдаланыңыз. 3D көзілдірігінің линзаларын өткір заттармен қырмаңыз немесе оларды химиялық заттармен сүртпеңіз.

Дайындау

ЕСКЕРТПЕ

- Теледидар зауыттан жеткізілгеннен кейін бірінші рет қосылса, теледидарды баптандыру бірнеше минутқа созылуы мүмкін.
- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
- Теледидардың экрандық дисплейі нұсқаулықта көрсетілгеннен сәл өзгешелеу болуы мүмкін.
- Бар мәзірлер мен опциялар сіз қолданатын кіріс көзінен немесе өнім үлгісінен өзгешелеу болуы мүмкін.
- Болашақта бұл теледидарға жаңа мүмкіндіктер қосылуы мүмкін.
- Тұтынылатын қуат мөлшерін азайту мақсатында теледидарды күту режиміне қоюға болады. Егер біраз уақыт қарамайтын болсаңыз, теледидарды өшіріп қою қажет. Бұл тұтынылатын қуат мөлшерін азайтады.
- Кескін жарқындығының деңгейі төмендетілсе, қолданыс үстінде тұтынылатын қуат мөлшері айтарлықтай азайып, бұл өз ретінде жалпы қуат ақысын азайтады.
- Өніммен бірге берілген заттар оның үлгісіне қарай әртүрлі болуы мүмкін.
- Өнім сипаттамалары немесе осы нұсқаулықтың мазмұны өнім функцияларының жетілдірілуіне байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- Оңтайлы байланыс болу үшін, HDMI кабельдері және USB құрылғылары ұштарының қалыңдығы 10 мм-ден және ені 18 мм-ден аспауы керек. USB кабелі немесе USB жад картасы теледидардың USB портына сай келмесе, USB 2.0 қолдайтын ұзарту кабелін пайдаланыңыз.




*A ≦ 10 мм
*B ≦ 18 мм

- HDMI логотипі жабыстырылған сертификатталған кабельді пайдаланыңыз.
- Сертификатталған HDMI кабелін пайдаланбасаңыз, экран көрінбеуі немесе байланыс қатесі орын алуы мүмкін. (Ұсынылған HDMI кабель түрлері)
  - Жоғары жылдамдықты HDMI®/™ кабелі (3 м немесе қысқа)
  - Ethernet бар жоғары жылдамдықты HDMI®/™ кабелі (3 м немесе қысқа)

ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, өнімнің жұмыс мерзімін арттыру үшін, мақұлданбаған өнімдерді пайдаланбаңыз.
- Мақұлданбаған өнімдерді пайдаланудан туындаған зақымдар немесе залал кепілдікке кірмейді.
- Кейбір модельдердің экранына жұқа қабат бекітілген және оны алып тастауға болмайды.
- Панельді саусағыңызбен немесе құралдармен шығаруға болмайды. Өнімді бүлдіруі мүмкін. (Тек UF95**)



- Тіректі теледидарға бекіткен кезде, экран сырылып қалмауы үшін оның бетін төмен қаратып, төсем төселген үстелге немесе тегіс бетке қойыңыз.
- Бұрандалардың дұрыс кіргізіліп, мықтап қатайтылғанын тексеріңіз. (Егер олар жеткілікті дәрежеде мықтап қатайтылмаса, теледидар орнатылғаннан кейін алға қарай еңкейіп қалуы мүмкін.) Бұрандаларға тым көп күш жұмсап, тым қатты тартпаңыз, әйтпесе бұранда бүлініп, дұрыс бұралмауы мүмкін.

Бөлек сатылады

Бөлек сатып алынатын бұйымдар сапаны жақсарту үшін, еш ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Осы заттарды сатып алу үшін дилеріңізге хабарласыңыз. Бұл құрылғылар белгілі бір модельдерде ғана жұмыс істейді. Үлгі аты немесе дизайны өнім функциясының жаңартылуына, өндіруші жағдайларына немесе саясаттарына байланысты өзгертілуі мүмкін.

(Үлгіге байланысты)

AG-F* ** Cinema 3D көзілдірігі	**AN-MR600** Сиқырлы сермеу қашықтан басқару құралы	**AG-F***DP** Dual play (Екі жақты ойнату) көзілдірігі
AN-VC550 Smart камерасы	LG дыбыс құрылғысы	

Техникалық қызмет көрсету

Теледидарды тазалау

Өнім жақсы істеуі және оның жұмыс мерзімін арттыру үшін теледидарды жиі жаңартып және тазалап тұрыңыз.

- Алдымен, теледидарды өшіріп, қуат сымы мен басқа кабельдерді ажыратыңыз.
- Теледидар ұзақ уақыт қараусыз қалса және пайдаланылмаса, найзағайдан және кернеудің өзгеруінен пайда болатын зақымдардан сақтау үшін, қуат сымын розеткадан ажыратыңыз.

Экран, жақтау, корпус және тірек

Шаңды немесе кішкене кірді кетіру үшін, бетті құрғақ, таза және жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
Көп кірді кетіру үшін, бетті таза немесе жұмсақ жуғыш зат қосылған суға малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Одан соң, дереу құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.

- Әрқашан экранға тиюді болдырмаңыз, өйткені бұл экранның зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Тырнақпен немесе үшкір затпен бетін итермеңіз, ысқыламаңыз немесе соқпаңыз. Экран бетінде сызықтар пайда болып, бейне бұрмалануы мүмкін.
- Химиялық заттарды пайдаланбаңыз. Олар өнімді зақымдайды.
- Экран бетіне сұйықтық шашпаңыз. Теледидарға су кірген жағдайда, өрт, электр соғуы орын алуы немесе теледидар істемей қалуы мүмкін.

Қуат сымы

Қуат сымында жиналған шаң мен кірді жиі сүртіп тұрыңыз.


Теледидарды көтеру және жылжыту

Теледидарды жылжытқанда немесе көтергенде, теледидарды сырылу және зақымнан қорғап, түріне және көлеміне қарамастан қауіпсіз түрде тасымалдау үшін, төмендегі ақпаратты оқыңыз.


- Теледидарды зауытта салынған қорабында немесе орамында тасымалдаған жөн.
- Теледидарды жылжыту немесе көтеру үшін, алдымен қуат сымын және барлық кабельдерді ажырату керек.
- Теледидарды ұстағанда, зақымды болдырмау үшін экран сізге қарамай тұруы керек.



- Теледидар жақтауының жоғарғы жағы мен түбін жақсылап ұстаңыз. Мөлдір бөлікті, динамикті немесе динамик торының аймағын ұстамаңыз.



- Үлкен теледидарды кемінде 2 адам тасымалдауы керек.
- Теледидарды қолмен тасымалдағанда, төмендегі суретте көрсетілгендей ұстау керек.



- Тасымалдағанда, теледидарды қатты шайқамаңыз.
- Тасымалдағанда, теледидарды тігінен ұстаңыз. Жанына жатқызбаңыз және сол немесе оң жағына қарай еңкейтпеңіз.
- Жақтау шассиін иетін/майыстыратындай шамадан тыс күш салмаңыз, себебі бұл экранды зақымдауы мүмкін.
- Теледидарды ұстағанда шығыңқы джойстик түймесін зақымдап алмаңыз.


⚠ ЕСКЕРТУ

- Әрқашан экранға тиюді болдырмаңыз, өйткені бұл экранның зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Теледидарды жылжытқанда, кабель ұстағышынан ұстамаңыз: ол үзіліп, жарақаттауы немесе теледидарды зақымдауы мүмкін.





Джойстик түймесін қолдану

(Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.)

Джойстик түймесін басу немесе жоғары, төмен, солға немесе оңға жылжыту арқылы теледидар функцияларын оңай басқаруға болады.



Негізгі функциялар

	Қуатты қосу	Теледидар өшіп тұрғанда, бармағыңызды джойстик түймесіне қойып, бір рет басып, жіберіңіз.
	Қуатты өшіру	Теледидар қосылып тұрғанда, бармағыңызды джойстик түймесіне қойып, бірнеше секундқа бір рет басып, жіберіңіз. Барлық ашық қолданбалар жабылып, қандай да бір жүріп жатқан жазу тоқтайды.
	Дыбыс деңгейін басқару	Бармағыңызды джойстик түймесінің үстіне қойып, солға немесе оңға итерсеңіз, дыбыс деңгейін керегінше реттеуіңізге болады.
	Бағдарламаларды басқару	Бармағыңызды джойстик түймесінің үстіне қойып, жоғары немесе төмен итерсеңіз, сақталған бағдарламалар тізімінің бойымен жылжуға болады.

Мәзірді реттеу

Теледидар қосылып тұрғанда, джойстик түймесін бір рет басыңыз. Мәзір тармақтарын джойстик түймесін жоғары, төмен, солға немесе оңға жылжыту арқылы реттеуге болады.

⏻	Қуатты өшіру.
✕	Экрандағы дисплейлерді кетіріп, теледидарды көру режиміне қайтарады.
	Сигнал көзін өзгертеді.
⚙	Жылдам параметрлер мәзіріне өткізеді.

ЕСКЕРТПЕ


- Бармағыңызды джойстик түймесінің үстіне қойып, жоғары, төмен, солға немесе оңға итергенде джойстик түймесінің басылып кетпеуін қадағалаңыз. Алдымен джойстик түймесін бассаңыз, дыбыс деңгейі мен сақталған бағдарламаларды реттеу мүмкін болмайды.

Үстелге орнату

(Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.)

1 Теледидарды көтеріп, үстелге тігінен қойыңыз.

- Тиісті түрде желдету үшін, қабырғадан 10 см (ең азы) бос орын қалдырыңыз.



2 Қуат сымын қабырғадағы розеткаға қосыңыз.

ЕСКЕРТУ


- Теледидарды жылу көзінің жанына немесе үстіне қоймаңыз. Өрт шығуы немесе басқа зақым орын алуы мүмкін.

Kensington қауіпсіздік жүйесін пайдалану Бұл

(Бұл функция барлық үлгілер үшін мүмкін емес.)


- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Kensington қауіпсіздік жүйесінің жалғағышы теледидардың артында орналасқан. Орнату мен пайдалану туралы қосымша ақпаратты Kensington қауіпсіздік жүйесімен бірге берілген нұсқаулықтан қараңыз немесе *http://www.kensington.com* торабына кіріңіз. Kensington қауіпсіздік жүйесінің кабелі арқылы теледидар мен үстелді жалғаңыз.



Теледидарды қабырғаға бекіту

(Бұл функция барлық үлгілер үшін мүмкін емес.)



1 Сақиналы болттарды немесе теледидардың артқы жағындағы кронштейндер мен болттарды кіргізіп, тартыңыз.

- Сақиналы болттардың орнында басқа болттар болса, алдымен соларды шығарып алыңыз.

2 Қабырға кронштейндерін болттармен қабырғаға бекітіңіз.
Теледидар артындағы қабырға кронштейні мен сақиналы болттардың орнын сәйкестендіріңіз.

3 Сақиналы болттарды және қабырға кронштейндерін мықты баумен тартып байлап қойыңыз. Бауды тегіс бетке көлденеңінен ұстаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Балалардың теледидарға шықпауын және асылып тұрмауын қадағалаңыз.

❗ ЕСКЕРТПЕ

- Теледидар теңселмей тұратын мықты және үлкен үстел немесе түпқойманы пайдаланыңыз.
- Кронштейн, тростар, болттармен жабдықталмайды. Қосымша керек-жарақтарды жергілікті диллерлерден бөлек сатып алуыңызға болады.

Қабырғаға орнату


Теледидардың артындағы қабырғаға бекіту кронштейнін орнатып, кронштейнді еденге перпендикуляр қабырғаға орнатыңыз. Теледидарды басқа құрылыс бөліктеріне орнату үшін, білікті мамандарға хабарласыңыз. LG компаниясы қабырғаға бекітуді білікті кәсіби орнатушы орындауын ұсынады. LG компаниясының қабырғаға бекіту кронштейнін пайдалануды ұсынамыз. LG компаниясының қабырғаға бекіту кронштейнін жалғанған кабельдермен жылжыту оңай. LG компаниясының қабырғаға бекіту кронштейнін пайдаланбағанда құрылғы мен қабырға арасында сыртқы құрылғыға қосылым үшін жеткілікті орынды қамтамасыз ететін қабырғаға бекіту кронштейнін пайдаланыңыз. Қабырғаға бекіту кронштейндерін орнатпастан бұрын барлық кабельдерді жалғауға кеңес береміз.



Міндетті түрде VESA стандартына сәйкес келетін бұрандаларды және қабырғаға бекіту қапсырмасын қолданыңыз. Қабырғаға бекіту жинақтарының стандартты өлшемдері төмендегі кестеде берілген.

Бөлек сатылады (Қабырғаға бекіту қапсырмасы)

Үлгі	43UF69** 40/43UF77** 40/43UF80**	49UF69** 49/55UF77** 49/55UF80** 49/55UF85** 55UF86** 55UF95** 55UG87**
VESA (мм) (A x B)	200 x 200	300 x 300
Стандартты бұранда	M6	M6
Бұрандалар саны	4	4
Қабырғаға бекіту қапсырмасы	LSW240B MSW240	LSW350B MSW240
Үлгі	60/65UF77** 60/65UF80** 60/65UF85** 65UF86** 65UF95** 65UG87**	70/79UF77** 79UF86**
VESA (мм) (A x B)	300 x 300	600 x 400
Стандартты бұранда	M6	M8
Бұрандалар саны	4	4
Қабырғаға бекіту қапсырмасы	LSW350B	LSW640B




ЕСКЕРТУ


- Алдымен қуатты ажыратыңыз, содан кейін теледидарды жылжытыңыз немесе орнатыңыз. Әйтпесе, электр тоғы соғуы мүмкін.
- Теледидарды қабырғаға бекітпестен бұрын тіректі бекітуді керісінше орындау арқылы тіректі алыңыз.
- Төбеге немесе қисық қабырғаға орнатылса, теледидар құлап, ауыр жарақат тудыруы мүмкін. Рұқсат етілген LG қабырға бекіткішін пайдаланыңыз және жергілікті дилерге немесе білікті қызметкерлерге байланысыңыз.
- Бұрандаларды тым қатты бұрамаңыз: теледидар зақымданып, кепілдік күшін жоюы мүмкін.
- VESA стандартына сәйкес келетін бұрандалар мен қабырға бекітпелерін қолданыңыз. Дұрыс қолданбау немесе сәйкес келмейтін қосалқы құралды пайдалану нәтижесінде болған зақымдар мен жарақаттар кепілдікке кірмейді.

ЕСКЕРТПЕ

- VESA стандартты бұранда сипаттамаларында берілген бұрандаларды ғана пайдаланыңыз.
- Қабырғаға бекіту жинағына орнату нұсқаулығы мен қажетті бөлшектер кіреді.
- Қабырғаға бекіту қапсырмасы қосымша бөлшек болып табылады. Қосымша қосалқы құралдарды жергілікті дилерден алуға болады.
- Бұрандалардың ұзындығы қабырға бекітпесіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Дұрыс ұзындықтың таңдалғандығына көз жеткізіңіз.
- Қосымша ақпаратты қабырғаға бекіту тетігімен берілген нұсқаулықтан қараңыз.
- Қабырғаға бекіту қапсырмасын орнатқанда, қорғағыш жапсырманы пайдаланыңыз. Қорғағыш жапсырма саңылауды жиналатын шаң мен ластан қорғайды. (Тек келесі түрдегі зат қамтамасыз етілгенде)



- Теледидарға үшінші тараптың қабырғаға бекіту кронштейнін бекіткенде, қабырғаға бекіту қабаттарын теледидарды бекіту тесіктеріне салып, теледидарды тік бұрышпен дұрыстаңыз. (Тек келесі түрдегі зат қамтамасыз етілгенде)



- Тірек пішініне байланысты төменде көрсетілгендей тірек қақпағын шығарып алу үшін, жалпақ құрылғыны пайдаланыңыз. (Мысалы, жалпақ бұрағыш) (Тек келесі түрдегі зат қамтамасыз етілгенде)



Байланыстар (хабарландырулар)

Теледидарға әр түрлі сыртқы құрылғыларды жалғап, сыртқы құрылғыны таңдау үшін, кіріс сигналы режимдерін ауыстырып қосыңыз. Құрылғының сыртқы қосылымы туралы қосымша ақпарат алу үшін әр құрылғымен бірге берілетін нұсқаулықты қараңыз.

Қолдануға болатын сыртқы құрылғылар: HD ресиверлері, DVD ойнатқыштары, бейнемагнитофондар, дыбыстық жүйелер, USB жад құрылғылары, компьютерлер, ойын құрылғылары және басқа да сыртқы құрылғылар.

ЕСКЕРТПЕ

- Сыртқы құрылғыны жалғау түрі үлгіге қарай әртүрлі болуы мүмкін.
- Теледидарға сыртқы құрылғыларды теледидар портының ретіне қарамастан жалғаңыз.
- Егер теледидар бағдарламасын DVD рекордеріне немесе бейнемагнитофонға жазсаңыз, теледидардың сигнал кіріс кабелін теледидарға міндетті түрде DVD рекордері немесе бейнемагнитофон арқылы жалғаңыз. Жазу туралы қосымша ақпаратты жалғанған құрылғының нұсқаулығынан қараңыз.
- Пайдалану туралы нұсқауларды сыртқы құрылғының нұсқаулығынан қараңыз.
- Ойын құрылғысын теледидарға жалғаған кезде, құрылғымен бірге жабдықталған кабельді қолданыңыз.
- Компьютер режимінде ажыратымдылық, тік өрнек, түс контрасты немесе жарықтыққа байланысты кедергілер тууы мүмкін. Шу бар болса, компьютер шығысын басқа ажыратымдылыққа немесе жаңалау жиілігін басқа жиілікке өзгертіңіз немесе СУРЕТ мәзіріндегі жарықтық және түс контрастын бейне таза болғанға дейін реттеңіз.
- Компьютер режимінде кейбір ажыратымдылық параметрлері графикалық тақтаға байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер ULTRA HD мазмұны компьютерде ойнатылса, бейне немесе аудио компьютер жұмысына байланысты ара-тұра зақымдалуы мүмкін. (Үлгіге байланысты)

Антеннаны жалғау

RF кабелі (75 Ω) арқылы теледидарды қабырғадағы антенна ұясына жалғаңыз.

- 2-ден көп ТД пайдалану үшін сигнал сплиттерін пайдаланыңыз.
- Егер бейне сапасы нашар болса, бейне сапасын жақсарту үшін сигнал күшейткішін тиісті түрде орнатыңыз.
- Егер антенна қосылған күйде бейне сапасы нашар болса, антеннаның бағытын түзетіңіз.
- Антенна кабелі және конвертер қамтамасыз етілмеген.
- Қолдау көрсетілетін DTV аудио: MPEG, Dolby Digital, Dolby Digital Plus, HE-AAC
- ULTRA HD хабар тарату арқылы қолданылмайтын жерде бұл ТД ULTRA HD хабарларын тікелей қабылдай алмайды. (Үлгіге байланысты)

Жерсерік тәрелкесі қосылымы

(Тек жерсерік үлгілері)

Теледидарды жерсеріктің ұяшығына жерсерік RF кабелімен (75 Ω) жалғаңыз.

Euro Scart қосылымы

(Үлгіге байланысты)

Бейне және дыбыс сигналдарын сыртқы құрылғыдан теледидарға жібереді. Сыртқы құрылғы мен теледидарды Euro-Scart кабелімен жалғаңыз.

Шығыс түрі / Ағымдағы кіріс режимі	**AV1** (ТД шығысы[1])
Сандық ТД	Сандық ТД
Аналогтық ТД , AV	Аналогтық ТД
Component	
HDMI	

1 ТД шығысы : Аналогтық ТД немесе Сандық ТД сигналдарын шығарады.

- Кез келген Евро «Scart» кабелі сигналдан қорғалған болу керек.
- Сандық теледидарды 3D бейне режимінде көргенде, 2D шығыс сигналдары SCART кабелі арқылы шығарылады. (Тек 3D үлгілерінде)
- Time Machine функциясын сандық теледидарда пайдаланып отырсаңыз, монитордың шығыс сигналдары SCART кабелі арқылы шығарылмайды.

CI модулінің қосылымдар

(Үлгіге байланысты)

Шифрленген (ақылы) қызметтерді сандық теледидар режимінде көру.

- CI модулінің PCMCIA карта ұясына дұрыс салынғанын тексеріңіз. Егер модуль сәйкесінше енгізілмесе, теледидар немесе PCMCIA карта ұяшығына зақым келуі мүмкін.
- CI+ CAM қосылғанда теледидарда ешбір бейне немесе аудио көрсетілмесе, Жер/Кабель/Жерсерік қызмет операторымен хабарласыңыз.

USB байланысы

Кейбір USB жадтары жұмыс істемейді. USB жады арқылы жалғанған USB құрылғысы анықталмаса, оны теледидарға тікелей USB порты арқылы жалғаңыз.

Басқа қосылымдар

Теледидарды сыртқы құрылғыларға қосыңыз. Сурет пен дыбыс сапасы барынша жақсы болу үшін, сыртқы құрылғы мен теледидарды HDMI кабелімен жалғаңыз. Кейбір бөлек кабель берілмейді.

- ⌂ → ⚙ → ⋮ → **Сурет** → **HDMI ULTRA HD Deep Colour**
  - **Қосулы** : 4K @ 50/60 Гц (4:4:4, 4:2:2, 4:2:0) қолдау
  - **Өшірулі** : 4K @ 50/60 Гц (4:2:0) қолдау

  Егер құрылғы Кіріс портына қосылған болса, ол ULTRA HD Deep Colour параметріне де қолдау көрсетеді, бұдан суретіңіз анығырақ болады. Дегенмен, егер құрылғы бұған қолдау көрсетпесе, ол дұрыс істемеуі мүмкін. Ондай жағдайларда құрылғыны әр түрлі HDMI портына қосыңыз немесе теледидардың **HDMI ULTRA HD Deep Colour** параметрін **Өшірулі** етіп өзгертіңіз (Бұл мүмкіндік тек ULTRA HD Deep Colour қолдайтын кейбір үлгілерде қолданылады.)

Қашықтан басқару құралы

Бұл нұсқаулықтағы сипаттамалар қашықтан басқару құралындағы түймелерге негізделген.Берілген нұсқаулықты мұқият оқып, теледидарды дұрыс пайдаланыңыз.


Батареяларды (1,5 В AAA) ауыстыру үшін, батарея қақпағын ашып, батареяларды ⊕ және ⊖ жақтарын ішіндегі белгілерге келтіріп салыңыз да, батарея қақпағын жабыңыз. Батареяларды алу үшін орнату әрекеттерін кері ретпен орындаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Ескі және жаңа батареяларды бірге салмаңыз. Қашықтан басқару құралы зақымдануы мүмкін.
- Қашықтан басқару құралы кейбір сауда орталықтарында жинаққа кірмеуі мүмкін.

Қашықтан басқару құралын теледидардағы қашықтан басқару датчигіне қарай бағыттаңыз.

(Үлгіге байланысты)



A

⏻ (ҚУАТ) Теледидарды қосады немесе өшіреді.

INPUT Сигнал көзін өзгертеді.

Q. MENU / ⚙ (Жылдам параметрлер) Жылдам параметрлер мәзіріне өткізеді.

INFO ⓘ Ағымдағы бағдарламаның және экранның ақпаратын көрсетеді.

SUBTITLE Сандық режимде қалаулы субтитрді қайта шығарады.

TV/RAD Радио, теледидар және DTV бағдарламаларын таңдайды.

Сан түймелері Сандарды енгізеді.

GUIDE Бағдарлама нұсқаулығын көрсетеді.

␣ (Бос орын) Экран клавиатурасындағы бос орынды ашады.

Q.VIEW Алдыңғы көрілген бағдарламаға қайтады.

B

+ ◿ − Дыбыс деңгейін реттейді.

FAV Таңдаулы бағдарламалар тізімін көрсетеді.

3D 3D бейнені көру үшін пайдаланылады.

MUTE 🔇 Барлық дыбыстарды өшіреді.


∧ P ∨ Сақталған бағдарламалар немесе арналар бойынша жылжиды.

∧ PAGE ∨ Алдыңғы немесе келесі экранға өтеді.

RECENT Алдыңғы журналды көрсетеді.

⌂ (Бастапқы) Бастапқы мәзірлерін ашады.

LIVE MENU «Ұсынылған», «Бағдарлама», «Іздеу» және «Жазылған» тізімін көрсетеді. (Үлгіге байланысты)



C

Телемәтін түймелері (☰ TEXT / T.OPT) Бұл түймелер телемәтін үшін пайдаланылады.

Жылжу түймелері (жоғары/төмен/солға/оңға) Мәзірлер мен параметрлерде жылжиды.

OK ⦿ Мәзірлер мен параметрлерді таңдап, енгізуді растайды.

↩ BACK Алдыңғы деңгейге қайтады.

EXIT Экрандық дисплейді тазалап, теледидар көруге оралады.


AD AD түймесін басу арқылы дыбыс сипаттамалары функциясы қосылады.


REC/✳ Жазуды бастап, жазу мәзірін көрсетіңіз. (тек Time Machine^{Ready} қолдайтын үлгіде) (Үлгіге байланысты)

Басқару түймелері (■, ▶, ❚❚, ◀◀, ▶▶) Премиум мазмұнды, Time Machine^{Ready} немесе SmartShare мәзірлерін немесе SIMPLINK сыйысымды құрылғыларды (USB немесе SIMPLINK немесе Time Machine^{Ready}) басқарады.

Түсті түймелер Бұлар кейбір мәзірлердегі арнайы функцияларға қатынасады.
(●: қызыл, ●●: жасыл, ⁂: сары, ⁞⁞: көк)

(Үлгіге байланысты)





A

(ҚУАТ) Теледидарды қосады немесе өшіреді.
INPUT Сигнал көзін өзгертеді.
Q. MENU / (Жылдам параметрлер) Жылдам параметрлер мәзіріне өткізеді.
1 **INFO** Ағымдағы бағдарламаның және экранның ақпаратын көрсетеді. (Үлгіге байланысты)
1 **RATIO** Бейненің өлшемін өзгертеді. (Үлгіге байланысты)
(Пайдаланушы нұсқаулығы) Пайдаланушы нұсқаулығын көрсетеді.
Сан түймелері Сандарды енгізеді.
(Бос орын) Экран клавиатурасындағы бос орынды ашады.
GUIDE Бағдарлама нұсқаулығын көрсетеді.
Q.VIEW Алдыңғы көрілген бағдарламаға қайтады.

B

+ − Дыбыс деңгейін реттейді.
FAV Таңдаулы бағдарламалар тізімін көрсетеді.
2 **3D** 3D бейнені көру үшін пайдаланылады. (Үлгіге байланысты)
2 **INFO** Ағымдағы бағдарламаның және экранның ақпаратын көрсетеді. (Үлгіге байланысты)
MUTE Барлық дыбыстарды өшіреді.
P Сақталған бағдарламалар немесе арналар бойынша жылжиды.
PAGE Алдыңғы немесе келесі экранға өтеді.

C

RECENT Алдыңғы журналды көрсетеді.
(Бастапқы) Бастапқы мәзірлерін ашады.
MY APPS Жүктелген қосымшаларды көрсетеді.
Жылжу түймелері (жоғары/төмен/солға/оңға) Мәзірлер мен параметрлерде жылжиды.
OK Мәзірлер мен параметрлерді таңдап, енгізуді растайды.
BACK Алдыңғы деңгейге қайтады.
LIVE MENU «Ұсынылған», «Бағдарлама», «Іздеу» және «Жазылған» тізімін көрсетеді. (Үлгіге байланысты)
EXIT Экрандық дисплейді тазалап, теледидар көруге оралады.

D

Түсті түймелер Бұлар кейбір мәзірлердегі арнайы функцияларға қатынасады.
(: қызыл, : жасыл, : сары, : көк)
Телемәтін түймелері (TEXT / T.OPT) Бұл түймелер телемәтін үшін пайдаланылады.
APP/* MHP TV мәзірінің көзін таңдаңыз. (Үлгіге байланысты)
LIVE TV Тікелей эфирге қайтарады.
Басқару түймелері (■, ▶, II, ◀◀, ▶▶) Премиум мазмұнды, Time Machine^{Ready} немесе SmartShare мәзірлерін немесе SIMPLINK сыйысымды құрылғыларды (USB немесе SIMPLINK немесе Time Machine^{Ready}) басқарады.
REC/* Жазуды бастап, жазу мәзірін көрсетіңіз. (тек Time Machine^{Ready} қолдайтын үлгіде) (Үлгіге байланысты)
SUBTITLE Сандық режимде қалаулы субтитрді қайта шығарады.
AD AD түймесін басу арқылы дыбыс сипаттамалары функциясы қосылады.
TV/RAD Радио, теледидар және DTV бағдарламаларын таңдайды.


Magic remote БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫН функциялары

(Үлгіге байланысты)

« Magic remote БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫН батареясындағы заряд деңгейі төмен. Батареяны ауыстырыңыз.» хабары көрсетілгенде, батареяны ауыстырыңыз. Батареяларды ауыстыру үшін батарея қақпағын ашыңыз, батареяларды (1,5 V AA) ⊕ және ⊖ сондарын бөлімдегі белгіге сәйкестендіріп ауыстырыңыз да, батарея қақпағын жабыңыз. Қашықтан басқару құралын теледидардағы қашықтан басқару датчигіне қарай бағыттаңыз. Батареяларды шығару үшін, орнату әрекеттерін кері тәртіппен орындаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Ескі және жаңа батареяларды бірге салмаңыз. Қашықтан басқару құралы зақымдануы мүмкін.



A

(ҚУАТ) Теледидарды қосады немесе өшіреді.

(КІРІС) Сигнал көзін өзгертеді.

* түймесін басып тұру сыртқы енгізулердің барлық тізімдерін көрсетеді.

Сан түймелері Сандарды енгізеді.

LIST Сақтаулы арналарды немесе бағдарламалар тізімін ашады.

(Бос орын) Экран клавиатурасындағы бос орынды ашады.

INFO Ағымдағы арналар немесе бағдарламалар және экран туралы ақпаратты көрсетеді.

B

Дыбыс деңгейін реттейді.

P Сақталған арналарды немесе бағдарламаларды ашады.


(ДЫБЫСТЫ ӨШІРУ) Барлық дыбысты өшіреді.

* Егер түймесін басып тұрсаңыз, бейне/аудио сипаттамалар функциясы қосылады. (Үлгіге байланысты)

(Бастапқы) Бастапқы мәзірлерін ашады.

(АРТҚА) Алдыңғы экранға қайтарады.

EXIT Экрандағыларды өшіреді және соңғы көру режиміне қайтарады.



C

дөңгелекті (ОК) Дөңгелек түймені пайдалану арқылы бағдарламаларды немесе арналарды өзгертуге және мәзірді айналдыруға болады. Дөңгелек түймені пайдаланып бағдарламаларды өзгертуге болады.

(жоғары/төмен/солға/оңға) Мәзірді айналдыру үшін жоғары, төмен, сол жақ немесе оң жақ түймені басыңыз. Меңзер пайдаланылғанда △▽◁▷ түймелерін бассаңыз, меңзер экраннан кетеді және сиқырлы қашықтан басқару құралы кәдімгі қашықтан басқару құралы сияқты қолданылады. Меңзерді экранда қайтадан көрсету үшін сиқырлы қашықтан басқару құралын солға-оңға шайқаңыз.

GUIDE Арналар немесе бағдарламалар нұсқаулығын көрсетеді.

(Экрандағы қашықтан басқару құралы) Экранды қашықтан басқару құралын көрсетеді.

* Кейбір аймақтарда «Әмбебап басқару» мәзіріне кіреді. (Үлгіге байланысты)

D

3D 3D бейнесін көру үшін пайдаланылады. (тек 3D модельдер)

(Дауысты тану) (Үлгіге байланысты)
Дауысты тану функциясын пайдалану үшін желілік байланыс қажет.

1 Дауысты тану түймесін басыңыз.
2 Теледидар экранының дауыс дисплей терезесі көрсетілгенде сөйлеңіз.
- Сиқырлы қашықтан басқару құралын бетіңізден 10 см алыстатпай пайдаланыңыз.
- Тым жылдам не тым баяу сөйлесеңіз, дауыс тану функциясы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Тану көрсеткіші пайдаланушының жеке ерекшеліктері (даусы, айтуы, интонациясы мен жылдамдығы) мен ортаға (шуыл мен теледидар дыбысының деңгейі) байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

(Жылдам параметрлер) Жылдам параметрлер мәзіріне өткізеді.

* түймесін басып тұру **Қосымша параметрлер** мәзірін көрсетеді.

Түсті түймелер Бұлар кейбір мәзірлердегі арнайы функцияларды ашады.
(: қызыл, : жасыл, : сары, : көк)

Телемәтін түймелері (TEXT, T.OPT) Бұл түймелер телемәтін үшін пайдаланылады.

SUBT. Сандық режимде қалаған субтитрді қайта шығарады.

Magic remote БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫН тіркеу

Magic remote БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫН тіркеу жолы

Magic remote басқару құралын пайдалану үшін алдымен оны теледидармен жұптастыру керек.

1 Magic remote басқару құралына батареяларды салып, теледидарды қосыңыз.
2 Magic remote басқару құралын теледидарға бағыттап, қашықтан басқару құралындағы **дөңгелекті (ОК)** түймесін басыңыз.

* Теледидар сиқырлы қашықтан басқару құралын тіркей алмаса, теледидарды өшіріп, қайта қосқаннан кейін әрекетті қайталап көріңіз.

Magic remote БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫН тіркеуден шығару жолы

Magic remote басқару құралының теледидармен жұптасуын тоқтату үшін **(АРТҚА)** және **(Бастапқы)** түймелерін бес секунд бір уақытта басып тұрыңыз.

* **EXIT** түймесін басып тұру әрекеттен бас тартуға және Magic remote басқару құралын бірден қайта тіркеуге мүмкіндік береді.

Magic remote БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫН пайдалану жолы



- Меңзерді экранға шығару үшін Magic remote басқару құралын оңға-солға шайқаңыз немесе **(Бастапқы)**, **(КІРІС)**, **3D** түймелерін басыңыз. (Кейбір теледидар модельдерінде **дөңгелекті (ОК)** түймесін бұрағанда меңзер пайда болады.)
- Меңзер біраз уақыт бойы қолданылмаса немесе Magic remote басқару құралын тегіс жерге қойылса, онда меңзер экраннан жоғалып кетеді.
- Егер меңзер бір қалыпты жауап бермесе, экранның шетіне жылжыту арқылы меңзерді қалпына келтіруге болады.
- Қосымша мүмкіндіктерге байланысты Magic remote басқару құралында батарея қуаты қалыпты қашықтан басқару құралына қарағанда тезірек бітеді.

Magic remote БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫН пайдаланудағы сақтандыру шаралары

- Қашықтан басқару құралын белгіленген ауқымда (10 м) ғана пайдаланыңыз. Құрылғыны белгіленген ауқымнан тыс пайдаланғанда немесе сол ауқымда кедергілер бар болса, байланыс қателері орын алуы мүмкін.
- Қосалқы құралдарға байланысты байланыс қателері орын алуы мүмкін.
  Микротолқынды пеш сияқты құрылғылар және сымсыз жергілікті желі сиқырлы қашықтан басқару құралымен бірдей (2,4 ГГц) жиілікте істейді. Сол себептен байланыс қателері орын алуы мүмкін.
- Сымсыз маршрутизатор (КН) теледидардан 1 метр қашықтықта болса, Magic remote басқару құралы дұрыс істемеуі мүмкін. Сымсыз маршрутизатор теледидардан 1 м-ден көбірек қашықтықта болуы керек.
- Батареяны бөлшектеуге немесе қыздыруға болмайды.
- Батареяны түсіріп алмаңыз. Батареяны қатты соғып алмаңыз.
- Батарея дұрыс салынбаса, жарылуы мүмкін.

Лицензиялар

Қолдау көрсетілетін лицензиялар модельге қарай әр түрлі болуы мүмкін. Лицензиялар туралы қосымша ақпаратты *www.lg.com* торабынан қараңыз.









Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал ескертуі туралы ақпарат

Осы өнімдегі GPL, LGPL, MPL және басқа да бастапқы коды ашық лицензиялардағы бастапқы кодты алу үшін *http://opensource.lge.com* веб-торабына өтіңіз.

Бастапқы кодқа қоса, барлық қажетті лицензиялардың шарттарын, кепілдік міндеттерінен бас тарту құжаттарын және авторлық құқық туралы мәліметтерін алуға болады.

LG Electronics компаниясы тарату шығынын қамтитын ақыға (дерек тасығышының құны, жеткізу және өңдеу) opensource@lge.com мекенжайына электрондық пошта арқылы сұрау жіберілгенде бастапқы кодты ықшам дискіде жеткізуді ұсынады. Бұл ұсыныс осы өнімді сатып алған уақыттан бастап үш (3) жыл ішінде жарамды болады.

Ақаулықтарды жою

Теледидарды қашықтан басқару құралымен басқару мүмкін емес.

- Өнімдегі қашықтан басқару құралының сенсорын тексеріп, қайтадан көріңіз.
- Өнім мен қашықтан басқару құралының арасында кедергінің жоқ екенін тексеріңіз.
- Батареялардың жұмыс істеп тұрғанын және дұрыс орнатылғанын (⊕ жағын ⊕ жағына, ⊖ жағын ⊖ жағына).

Бейне көрсетілмейді және дыбыс шықпайды.

- Өнімнің қосылып тұрғанын тексеріңіз.
- Қуат сымының розеткаға қосылғанын тексеріңіз.
- Басқа өнімдерді жалғап, розетканың ақаулы емес екенін тексеріңіз.

Теледидар кенет өшіп қалады.

- Қуатты басқару параметрлерін тексеріңіз. Қуат көзі ажыратылуы мүмкін.
- **Таймерлер** параметрлерінде **Автоматты күту** (Үлгіге байланысты) / **Автосөндіру таймері** / **Таймер қуаты өшірулі** мүмкіндігі белсендірілгенін тексеріңіз.
- Теледидар қосылып тұрғанда, сигнал болмаса, онда 15 минут әрекетсіздіктен кейін, теледидар автоматты түрде өшеді.

Компьютерге жалғағанда (HDMI), «No signal» (Сигнал жоқ) немесе «Invalid Format» (Формат дұрыс емес) хабары шығады.

- Қашықтан басқару құралы арқылы теледидарды өшіріп қосыңыз.
- HDMI кабелін қайта жалғаңыз.
- Теледидар қосулы кезде компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.

Техникалық сипаттар

Сымсыз модулінің техникалық сипаттары

- Елде пайдаланылатын диапазон арнасы басқа болуы мүмкін болғандықтан, пайдаланушы жұмыс жиілігін өзгерте немесе реттей алмауы мүмкін. Бұл өнім аймақтық жиілік кестесіне сай реттелген.
- Орнатылып, жұмыс істейтін құрылғы мен адам арасындағы қашықтық кемінде 20 см болуы тиіс. Бұл фраза — пайдаланушы ортасын қарастыруға арналған жалпы мәлімдеме.

CE 0197 ⓘ

(Тек UF69**, UF77**, UF80**, UF85**, UF86**, UG87**)

Сымсыз модулінің (LGSBW41) техникалық сипаттары			
Сымсыз LAN		Bluetooth	
Стандартты	IEEE 802.11a/b/g/n	Стандартты	Bluetooth 4.0 нұсқасы
Жиілік диапазоны	2400 - 2483,5 МГц 5150 - 5250 МГц 5725 - 5850 МГц (for Non EU)	Жиілік диапазоны	2400 ~ 2483,5 MHz
Шығыс қуаты (макс.)	802.11a: 13 dBm 802.11b: 15 dBm 802.11g: 14 dBm 802.11n - 2,4 GHz: 16 dBm 802.11n - 5 GHz: 16 dBm	Шығыс қуаты (макс.)	10 дБм немесе одан төмен

(Тек UF95**)

Сымсыз модулінің (LGSBW51) техникалық сипаттары			
Сымсыз LAN		Bluetooth	
Стандартты	IEEE 802.11a/b/g/n/ac	Стандартты	Bluetooth 4.0 нұсқасы
Жиілік диапазоны	2400 - 2483,5 МГц 5150 - 5250 МГц 5725 - 5850 МГц(for Non EU)	Жиілік диапазоны	2400 ~ 2483,5 MHz
Шығыс қуаты (макс.)	802.11a: 14,5 dBm 802.11b: 14 dBm 802.11g: 13 dBm 802.11n - 2,4 GHz: 14 dBm 802.11n - 5 GHz: 15,5 dBm 802.11ac - 5 GHz : 16 dBm	Шығыс қуаты (макс.)	10 дБм немесе одан төмен

* «IEEE802.11ac» барлық елдерде қолжетімді бола бермейді.

CI модулінің өлшемі (Е x Б x Қ)		100,0 мм x 55,0 мм x 5,0 мм
Қоршаған орта шарттары	**Жұмыс температурасы**	0 °C пен 40 °C
	Жұмыс ортасының ылғалдылығы	80 %-дан төмен
	Сақтау температурасы	-20 °C пен 60 °C
	Сақтау ылғалдылығы	85%-дан төмен

	Сандық ТД	**Аналогтық ТД**
Теледидар жүйесі	DVB-T/T2* DVB-C DVB-S*/S2*	PAL/SECAM B/G/I/D/K , SECAM L/L'
Бағдарламалар ауқымы	VHF, UHF, C-Band*, Ku-Band*	VHF: E2 пен E12 UHF : E21 пен E69 CATV: S1 пен S20 HYPER: S21 пен S47
Сақталатын бағдарламалардың ең көп саны	6000	1500
Сыртқы антенна импедансы	75 Ω	

* Тек DVB-T2/C/S/S2 қолдайтын модельдер.